

«ЖЫЛЫОЙГАЗ» ЖАУАПКЕШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



«БЕКІТІЛДІ»
«Жылыойгаз» ЖШС
директорының « 2026 » қаңтар 2026ж.
№ 1/2026-ЖШС НҚ бұйрығымен

Конкурстық құжаттама

**«Жылыойгаз» ЖШС қажеттілігі үшін «Көліктік
қызметтерді сатып алу»**

Комиссия төрағасы:

Директор:

Мухитов А.М.

Комиссия мүшелері:

ӨТБ бастығы:

Ергалиева Г.Ж.

Заң кеңесшісі:

Кереев Е.

Бас есепші:

Сатмагамбетова К.К.

Экономист:

Сулейменова Ш.Ж.

Күлсары қаласы
2026 жыл

1. Әлеуетті жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптары

Әлеуетті жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптары Конкурстық құжаттаманың Техникалық тапсырмасында көрсетілген және төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

- 1) Көлік құралдарымен қамтамасыз ету құжаттарының болуы.
- 2) Әлеуетті жеткізушісінің Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласында өз жеке меншігінде осы қызметті уақытында және сапалы орындауға қажетті жеткілікті мөлшерде көліктері, арнайы базасының болуы.
- 3) Қаржылық тұрақты болуы және республикалық бюджет туралы заңға сәйкес тиісті қаржы жылына белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын салық берешегінің болмауы.
- 4) Банкроттық және тарату рәсімі сатысында болмауы.
- 5) Осы қызметті орындауда соңғы 5-жылдық тәжірибесі болуы қажет.

2. Конкурстық құжаттаманы тапсыру, электронды сатып алу ашық тендер түрінде eer.mitwork.kz порталында 26 қаңтар сағ 14:00-ге дейін тіркеледі.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мөлшері – сатып алуға бөлінген соманың 1% (бір пайызы)

Әлеуетті жеткізуші қамтамасыз ету төлемін қызмет алушы есеп шотына төлеу арқылы жүзеге асырады:

«Жылыойгаз» ЖШС

БСН 000 640 000 147

ЖСК KZ24601A141000336191

БСК HSBKKZKX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Атырау қаласы

4. Конкурсқа қатысу үшін өтінім құрамы:

Конкурсқа қатысу үшін өтінім құрамында болуы тиіс:

- 1) Өтінім ЭЦҚ арқылы электронды түрде тапсырылады.
- 2) Лицензия немесе қызмет атқаруға рұқсат құжаттар, иелік құжаттарының электронды нұсқалары.
- 3) Әлеуетті жеткізушінің банк немесе банк филиалы алдындағы міндеттемелері бойынша үш айдан астам уақыт бойы мерзімі өткен қарызының жоқтығын растайтын анықтамалары (егер әлеуетті жеткізуші бірнеше екінші деңгейлі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болса, бұл анықтама осы банктердің әрқайсысынан ұсынылуы тиіс).
- 4) Тендерлік қамтамасыз етуді табиғи монополия субъектісінің банк шотына салғанын растайтын төлем тапсырмасы (электрондық нұсқада);

- 5) Техникалық тапсырмада көрсетілген, сұратылған құжаттардың электронды нұсқалары.
- 6) Егер әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының резиденті болмаса және Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркелмеген болса, келесі құжаттар ұсынылуы тиіс:

әлеуетті жеткізушінің Қазақстан Республикасының резиденті емес екендігі және салық салу мақсатында тіркелмегендігі туралы Қазақстан Республикасының салық органының анықтамалары;

«Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талабын жоятын конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес апостильденген (заңдастырылған) құқық белгілейтін құжаттар;

5.Конкурсқа қатысу үшін өтінім құрамы:

Конкурстық құжаттаманы қарау үшін Конкурс комиссия отырысы «29» қаңтар 2026 жылы «Жылыойгаз» ЖШС , Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 54 құрылыс мекен жайында өтеді.

6.Қосымшалар:

- 1.Техникалық тапсырма
- 2.Келісім шарттың үлгісі

Директор:



Мухитов А.М.

Конкурслық құжаттама

Сатып алынатын қызмет

№	Тапсырыс беруші	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Көлемі	Мерзімі	Орындалу орны	Сатып алу сомасы, ҚҚС қоспағанда, теңге
1	«Жылыойгаз» ЖШС	Көліктік қызметтер	Маш/сағ	Техникалық спецификацияға сәйкес (23 автотранспорт)	Келісім шартқа сәйкес	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы	2026 жыл – 48 844 188,16тт.